



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Алғыс айту философиясы



4 Утиль алымы екі есе азайды, көлік арзандай ма?



5 Мамандығын ұстаздықпен ұштастырған



6 Сығанақтың сәулетін арттырған



● ПРЕЗИДЕНТ

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары екі елдің экономикалық жағдайы мен сауда-экономикалық саладағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі мәселелерді талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі ахуалға қатысты келіссөздер барысында ортақ келісімге қол жеткізудің аса маңызды екенін атап өтті.

Армияны дамыту жөніндегі кеңес

Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қорғаныс министрлігінде армияны одан әрі дамыту мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының басшылығына әскери қауіпсіздіктің қазіргі жағдайын ескере отырып, Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамын жаңғырту жөнінде тапсырма берді. Сонымен қатар заманауи цифрлық тәсілдер арқылы әскери басқару жүйесін жетілдіру қажет екеніне назар аударды.

Жиында Қазақстан әскерін заманауи әрі жоғары технологиялы қару түрлерімен, әскери техникамен қайта жабдықтау мәселелері талқыланды. Қорғаныс министрлігіне әскери күштерді пайдаланудың жаңа әдістерін енгізу арқылы жауынгерлік дайындық бағдарламасын қайта қарау тапсырылды.

Мемлекет басшысы әскери қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, меритократия қағидаты негізінде мансапты өсіру мақсатымен әскери білім беру және кадрлық саясат жүйесін дамыту мәселелеріне баса мән берді. Президент әскери қызметшілер мен әскери қызметтің әлеуметтік мәртебесін арттыру және жастарды әскери борышын өтеуге ынталандыру қажеттігі туралы айтты.

Жиын соңында Жоғарғы Бас қолбасшы мемлекеттің мүддесін және әрбір азаматтың қауіпсіздігін қорғау Қарулы Күштердің міндеті екенін атап өтті.

«АМАНАТ – ЕЛІМІЗ ҮШІН ДЕ, ҰЛТЫМЫЗ ҮШІН ДЕ КИЕЛІ ҰҒЫМ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билік партиясының кезектен тыс съезіне қатысып, сөз басында барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтады.

– Біз осындай ынтымақтың арқасында қаңтардағы қиын-қыстау күндерде мемлекеттігіміз бен тұтастығымызды қорғап қалдық. Тәуелсіздігімізге төнген қатердің бетін қайтардық. Сын сағатта бірлігін сақтай білген барша отандастарымызға зор ризашылық білдіремін. Ұйымды жаңғырту туралы алқалы жиынның дәл бүгінгі отуінің символдық мәні бар. Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды. Қоғамға пайдалы көптеген бастамалар көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы партияның келешегі жөнінде айта келіп, оның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне тоқталды. Президент еліміздің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі ауқымды міндетті орындауға кіріскенін мәлімдеді. Алдымызда мемлекетіміздің болашақ тағдырын шешетін аса маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағандай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерімізді айқындап алуымыз қажет. Партия барлық реформаға ұйытқы болуға тиіс.

– Саяси ұйымның атауын Аманат деп өзгерту ұсынылды. Жасыратын ештеңе жоқ, мен де бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар



киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең-байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз – міне осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанды. «Аманат» ата-бабаларымыздың келешек ұрпаққа қалдырған өсиеті деген ұғымды білдіреді. Аманат сөзінің – мағынасы терең, халқымыздың тарихы мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ол бабаларымыз өсиет еткен тәуелсіздіктің мәңгі арман-мұраты, қуатты мемлекеттіліктің және жалпыұлттық тұтастықтың, кең-байтақ Отанымыздың құндылығы ретінде сипатталады. Біз осы баға жетпес мұрамызды сақтап, нығайтуға тиіспіз. Бұл – біздің аға буын мен өскелең ұрпақ алдындағы қастерлі

борышымыз. Сондықтан мен партиямызды ресми түрде Аманат деп атауды толық қолдаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент өткен айда жүргізілген ауқымды аналитикалық жұмыстар партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізу қажет екенін көрсетті деп атап өтті. Жоғарыда айтылған ұсыныстарды қолдай отырып, партия Төрағасы бірқатар басым міндетті айқындап берді. Оның пікірінше, ең алдымен, орталық тәуелділікті жою және партия аппаратының тиімділігін арттыру қажет. – Партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары анық көрінді. Желілік кестелер, есеп беру және қағаз жүзіндегі іс-шаралар сайлаушылармен тікелей жұмыс істеуді екінші орынға сырғытты. Жұмысқа құлшынып тұрған азаматтар өз орындарын дарынсыз функционерлерге беруге мәжбүр болды. Сондықтан орталық аппаратының фи-

лиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арылуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру қажет. Депутаттық фракциялар диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін өздеріне алып, олардың жұмыс қорытындысы бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуі керек. – Әлеуметтік желілер мен қала алаңдарындағы қоғамдық талқылауларды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Бұл

– аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкіметтің нақты мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек, – деді партия Төрағасы.

Мемлекет басшысы азаматтардың мүдделерін ілгерілетуді және партияның ашықтығын басты мәселе ретінде айқындады.

– Партия популизмге салынып, орындамайтын уәде бермегені жөн. Сонда Премьер-министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Ал оның партияға кері әсері тиеді. Бұндай көзбояушылықтың салдары адамдардың әлеуметтік көңіл-күйіне және ішкі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет, – деді Президент.

Партия Төрағасы елімізді одан әрі жаңғырту үшін партияластарынан тың ұсыныстар күтетінін атап өтті. Сондықтан жалпыұлттық өзекті мәселелер күн тәртібін әзірлеу үшін Қазақстанның әрбір азаматынан тың идеялар мен ұсыныстар жинау жөнінде республикалық акция ұйымдастырған жөн. Мемлекет басшысы партияластардың ішінен сенімді адамдарды іріктеп, оларды ілгерілету ісін жалғастырған дұрыс деп санайды.

2-бет

● ҚҰРМЕТ

Алғыс айту күнінде аймақта ардагер ұстаздарға арналған кабинет ашылды. М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі ғимаратында орналасқан кабинет бұдан былай білім саласына елеулі үлес қосқан зейнеткер мұғалімдер бас қосатын орын болмақ. Бұл рәсімге облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова да қатысып, ардагерлермен пікірлесті.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Аға буын ардақ тұтуға лайық



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

Алдымен аймақ басшысына облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасимова колледж базасындағы соңғы жаңалықтарды таныстырды. 1955 жылдан бері жұмыс істейтін оқу

орны студенттерге техникалық және кәсіптік мамандықтар береді. Мұнда ауыл шаруашылығы саласына қажетті мамандармен қатар, құрылыс бойынша түрлі кәсіп иелерін де дайындайды.

2-бет

● ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

Әрбір ұсыныс қараусыз қалмайды

Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік мәселелер кезек-кезеңімен шешіледі. Тұрғындар үшін әркез маңызды – газбен қамту, су жүргізу, электр желісін тарту және жол сапасын жақсарту күн тәртібінен түспек емес. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қала маңындағы ауылдарға барып, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдаған болатын.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

2-бет



● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тегін үйірменің теңгесі қайда

немесе жаңа бастаманың жалғасы қалай болмақ?

Байқасаңыз қазір әлеуметтік желіде тегін үйірмелер ашылғаны туралы, домбырашы, хореограф, вокалист мамандарын іздеп жарнама берушілер көбейді. Бұл нені білдіреді? Әрине, өңірде тегін үйірмелердің көбірек ашылғанын біз де қалаймыз. Естеріңізде болса 2020 жылы қыркүйекте Мемлекет

басшысы кезекті Жолдауында өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне баса назар аудару қажеттігін айтқан болатын. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажеттігін тапсырған болатын. «Балалар үйірмесі қызметін қайта

қалпына келтірген жөн. Онда жастарымыз колонелдің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді. Бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды» делінген Президент Жолдауында.

4-бет

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Қазақтың кең құшағын саялаған

Көктемнің алғашқы күні 1 наурыз – Алғыс айту күні. Бұл мереке елімізде 2016 жылдан бастап аталып өтеді. Мерекенің мәні-мағынасы тым тереңде жатыр. Дәлірек айтсақ, сонау ұлпатты жылдары өз Отанынан аяқ көшіп, Қазақстанға еріксіз қоныс аударған түрлі ұлт пен ұлыстар қазақтай қайырымды халықтың құшағынан сая тапқан болатын. Бүгінде олардан тараған ұрпақтар да еліміздегі бейбітшілік пен келісім аясында тату-тәтті күн кешіп келеді. Сондықтан олар қиын күнде бір үзім нанды бөліп беріп, жан жылуымен жұбата білген қазақ халқына жүректері толқып тұрып алғыс білдіреді.

Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Мереке күні облыстық ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық келісім» мекемесінің ұйымдастыруымен «Достық үйінде» «Алғыс айту – азаматтық парыз» тақырыбында дөңгелек үстел жиыны өтті.

Жиында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Міра Қабекбаева жыл басында елімізде орын алған оқиғаларға тоқталып, көктем шуағы еліміз үшін бейбітшілік пен келісімнің, ізгілік пен сыйластықтың үлгісі болсын деген тілегін білдірді. Алғыс айту мерекесінің түп-



төркініне бойлап, ел тарихындағы алмағайып кезеңде сан түрлі ұлтқа сая болған халқымыздың дархан пейілі мен дара болмысын айрықша атап өтті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамбердиев баяндама жасап, тарихи мәні тереңде жатқан мерекенің қоғамдық-саяси тұрғыдағы ықпалы да ерекше екенін атап өтті. Бүгінгідей елең-алаң шақта өзара татулық пен ынтымақтастық еліміздегі тыныштық пен тұрақтылықтың арқауы болатындығына сенім артты.

Облыстық неміс этномәдени бірлестігінің жетекшісі Ирина Шек өз баяндамасында Алғыс айту күні – этнос өкілдерінің асыға күтетін мейрамдарының бірі екенін айтады.



– Кең байтақ қазақ еліндегі бейбіт өмірдің баянды болуына елде тұрып жатқан барша халық мүдделі, – дейді ол.

Ал Сырдария ауданы «Қоғалықөл» ауылының тұрғыны, зейнеткер Жұмакүл Тілеубаева денсаулығы сыр берген тұста жүрегіне ота жасап, аман алып қалған аймақ дәрігерлеріне, медицина қызметкерлеріне аналық алғысын айтты.

Осыдан бес жыл бұрын құрылған «Волонтеры Кызылорды» қоғамдық қорының жетекшісі Ольга Чебакова еріктілер қозғалысының бүгінде үлкен күше айналып отырғанын айтса, «Мансап» мектебінің директоры София Абдуразақова қолдау көрсеткен меценаттарға алғысын білдірді.

Аймақ тұрғыны Лямига Хамзина – 30 жылдық тәжірибесі бар донор. Жиында сөз алған ол қаншама адамның өміріне араша түсіп, халық алғысына бөленіп жүрген азаматтар туралы жүрек толқытар естеліктерін ортаға салды.

Облыстық «Вайнах» шешенінгуш этно-мәдени бірлестігі басшысының орынбасары Лайла Пашаева шешен халқының атынан алғысын білдірді.

– Биыл шешендердің өз Отанынан жер аударылғанына 78 жыл толып отыр. Ұлтымыздың жүрегіне ошпес жара салған, кіндік қаны тамған жерінен жас пен жасамысты, ана мен баланы еш аяусыз жер аудартқан ызғарлы күн ешқашан естен кетпейді. Меңің әжем, ата-анам осы қиындықтарды басынан кешкен. Соғыс басталған тұста

атам майданға аттанып, содан хабарсыз кеткен. Ал әжеміз 8 қакасымен ас-сусыз, қыстың қақаған суық күнінде беймәлім мекенге айдалып кете барады. Жол бойы қаншама қарт кісі, сабилер көз жұмған. Оның ішінде әжемнің бес бауыры да бар. Көп ұзамай әжеміз көз жұмды. Ал әжемізді 2 бауырымен балалар үйіне өткізіпті. Не қазақ, не орыс тілін білмейтін шешен жұртты үшін алғашқыда жергілікті халықпен тілдесуі оңай болмайды. Дегенмен уақыт өте келе қазақ халқының қайырымдылығының арқасында тіршілік ағымына ілесіп кеткен бауырластарымыз бүгінге дейін кең байтақ қазақ жерінде тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді.

Осы күні шешен халқында «Егер жолында қазақты кездес-

тірсең, бауырым деп таны» деген сөз бар. Шыңдығында, қиын-қыстау кезеңде қазақ халқының ыстық ықыласы мен риясыз қамқорлығын біз ешқашан ұмытпаймыз, – деді Лайла Пашаева.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Журналистика» мамандығының 3-курс студенті, Президенттік стипендия иегері Азамат Абиболда кешегі кантар оқиғасы кезінде журналистер түрлі жаракат алып, бір адам қаза болғанын, сондықтан қандай жағдайда өз міндетін адал атқарып жүрген қалам иелерінің еңбегі құрметке лайық екенін айтты.

Жиында ардагерлер Қазыбай Құдайбергенов, Күләй Сағындықова өскелең ұрпаққа өнегелі ой-пікірлерін айтты.

Алғыс айту философиясы

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған күн. Бұл – тағдыр талкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшемін айналады.

Бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. «Алғыс айту күні» – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Мереке алғаш енгізілгенде әркімнің түрлі күй кешкенін байқағанымыз бар. Ұлпат жылдардың зардабын шеккен көнекез қарияның жүзі жадырай елең ете қалып, іле ауыр күрсініп, тұңғыық ойға батқанын көрдік. «Жөн екен» деді бар болғаны. Ашылып ештеңе айта қоймады, бәлкім сол жылдардан бойына сінген әдегі болар.

Аға ұрпақтың ол заман туралы сараң әңгімесіне құлақ тұрып, кеңес дәуірінің оқулықтарындағы ел тарихы туралы ақпаратты өз ізденістерімен толықтырып өскен азаматтардың көңіл түкпірінде жүрген бір арманы орындағандай, көздерінде жігер оты ойнап, айналасына еңесін тіктей қараған бейнелері де көз алдымызда. Ойлы, саналы азамат үшін бұл қажеттігі ешқандай дәлелдеуді талап етпейтін, барша қазақстандықтарға түсінікті мереке еді.

Елімізді мекендеген этнос өкілдері, кешегі қуғын-сүргінді бастан

кешкендердің ұрпақтары, әсіресе қазақ жеріне бала да болса, ес біліп, етек жапқан жаста келгендер, бастамаға бірауыздан қолдау білдіріп, өз пікірлерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап жатты.

Әсіресе сол жылы барлық телераканалар жарыса көрсеткен «Ризамын, елім, саған!» атты бейнероликте күрд халқының ақсақалы, академик Нәзір Нәдірұтін, шешен-ингуш халқының бетке ұстар азаматы, Мәжіліс депутаты Мұрад Ахмедовтің, балқар халқының қайраткер қызы Людмила Хочиеваның, түрік ағайындардан шыққан белсенді кәсіпкер Аскер Пириевтің, грек халқының өнерпаз өкілі Лаки Кесоглудың:

– Қамқалы тонын кігізіп, Ас-суын алдан тосқаны үшін. Тіліміз бен ділімізді сақтап, Қатарға қосқаны үшін, Ризамыз қазақ халқына! – деген сөздері тыңдаған адамды бейжай қалдырмайтын, жүректен шығып, жүрекке жететін сөздер еді.

Ғалымдар «Алғыс айту» күнін тарих ақпаңдарының ашу үшін аса қажет шара деп, ал ұстаздар қауымы жастардың бойына адамгершілік, қайырымдылық, туған жерді сүю, елінің ізгі қасиеттерін біліп, бағалау қасиеттерін сіңіретін мереке екенін айтады.

Дегенмен мереке мәнін түсінбеген, оның пайда болуына іші тарыла пікір айтқандар да бар.

Жалпы, іштарлықтарын жасыра алмай даурығатын, «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» адамдар кай кезде де, қандай қоғамда да болған. Ондайларға байланысты да қазікем «ит үреді, көпесу көшеді» деп кендік танытқан. Дегенмен тап осы жолы кендік танытудың жөні жоқ деген ойдамын.

Керісінше, қоғамда, әсіресе жастар арасында, оның ішінде ата-әжелері тоталитарлық саясаттың шыбыртқысы тарихын қауызына тыққандай күй кештіргенде кең құшағына алған жер туралы, өздері аш-жалаңасп отырса да, жер иесі екендігін ұмытпай, айдалып келгендерге бала-шағасы талғажау етіп отырған қара көкесі мен қатқан нанын бөліп берген халыққа алғыс айтуды артық көретіндер үшін (өкінішке қарай, ондайлар бар екен) кең ауқымды түсіндіру науқанын өткізген жөн болар.

Кейбір жандардың мерекені көпесуі, бәлкім, оның ел күнтізбесіне енді ғана енуімен немесе бұл күннің белгіленуіне себепші болған жайлардан хабарының жоқтығына байланысты шығар. Немесе алғыс айту, ризашылық білдіру салты адамзаттың өсіп-өркендеуімен бірге келе жатқанын, қасиетті кітаптардың бірінде жазылғанын білмеуінен де болуы мүмкін.

Құранның Лұқман сүресіндегі Алла тағаланың: «... Маған деген шүкірлерің мен адамдарға деген алғыстарың үшін сендерді сыйға бөлеймін» деген үкімінен тәубе мен алғыс үшін екі дүниеде жақсылық бар екендігін ұғуға болады. Пайғамбарымыздың өз хадистерінде «Адамдарға алғыс айта алмаған адам, Аллаға шүкір ете алмайды» (Тирмизи, Бирр (жақсылық), 35; Әбу Дәуіт, «Әдеп», 11) дегенінің де терең тағылымы бар.

Құлқалқ сінген «Жоқтан бар болмайды» дегенді ескіріп, мұндай мереке бар ма екен, болса қандай екен деп басқа

елдерді зерделедік. Атаулары әртүрлі болғанымен, түпкі мағынасы туыстас мерекелердің пайда болу тарихына үнілсек, ұқсастық та, айырмашылық та табуға болады.

Айталық Америкада аталып өтетін ризашылық білдіру күнінің (День благодарения) мерекеленуі Рождестводан немесе Жаңа жылдан кем түспейді.

Америка құрлығын отарлаушылар 1621 жылы қаһарлы қыстың құрсауында қалып, аштыққа ұшырайды. Сонда жергілікті үндістер аяушылық танытып, бірнеше күркетауық әкеп, оларды тамақтандырады. Мұны айналадағы басқалар да қолтап, бұл дүйім жұрттың қаһарлы қыстан аман-есен етуіне себепші болған деседі. Сол кезден бастап бұл күн аман-есен қалғандары үшін Жаратушыға құлшылық ету және көмек қолын созғандарға ризашылық білдіру күні ретінде аталып өтеді. 1789 жылы Джордж Вашингтон ризашылық білдіру күнін «Ұлттық мереке» деп жариялайды.

Қазір бұл мерекеге мемлекет деңгейінде, әр отбасында мұқият дайындалады, көшелерде шеру өткізіліп, үйде дәстүрлі тағамдар, солардың ішінде, міндетті түрде күркетауық қойылуы халықтың өткен жолын, тарихын ұмытпағанын, аштықтан аман алып қалғандарға ризашылығын білдіруін көрсетеді.

Израиль елінде негізгі мақсаты Құдайға құлшылық етіп, мол астық бергеніне ризашылық білдіру болып табылатын Астық ору мерекесі бар. Оның идеясы – күздің соңына қарай мол астық беріп, Израиль халқына қамқорлық жасағаны үшін Жаратушыға ризашылық білдіру. Бұл мерекенің мәні еврейлерге бағыштала отырып, Библияда да жазылған.

Сталиндік режим кезіндегі әр жылдарда бүгіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық неміс, 102 мың поляк, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтары, 18,5 мың Қыыр Шығыстағы корей отбасы қоныс

тауларды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда қазақтар ғана тұратын, қабылданған да солар болды. Өздері де мұқтаждықта өмір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды саман үйлерінде қабылдады.

Қазақ халқы үшін, қиналғандарға қамқорлығын аямайтын, жазаған жақсылығын сатпайтын, құшағына алған қанша жұрт қайырымдылығын айтып, тәу етіп жатса масаттанбайтын халқымыз үшін бұл басқа елдерде бар болмағандықтан бақылғанға мерекесі емес, бұл қажеттілігің уақыттың өзі талап еткен, ХХ ғасырдың ұлматы қайталанбауы үшін оны бастан кешкен халықтар жадысын жаңғырту мақсатында пайда болған мереке. Мерекенің басты мақсатының бір өскелең ұрпақты достық, бір-біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда этникаралық келісім мен ұтаралық қарым-қатынасты нығайту. Әрине мереке біздің менталитетке сай емес деушілер табылар. Дегенмен, жылдың бір күнінде не үшін ризамет айту керек екенімізді ойлана жүрек артық етпейтін секілді. Көптеген адамдар материалдық жағынан толық қамтамасыз етілсе де, алғыс айта білмегені үшін рухани кедей болып қалып жатты.

Қай діннің қасиетті кітабын алсақ та, ұлы Жаратушы адамдар әлдебір жайларды жүректері ризашылық сезімге толып еске алуды үшін белгілі бір оқиғаларды мереке ретінде атап өтуге үкім етеді. Сондықтан жылына бір рет барша қазақстандық осы өмірде жер басып жүргеніміз үшін, ұрпағымыз алдыңғы толқын көрген тақырретті көрмей өсіп жатқаны үшін, әулетіміз өскені үшін, таңымыз уайымсыз атқаны үшін алғыс айтуымыз керек деп ойлаймын.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
философия ғылымдарының докторы, профессор

ТӨР СЕНІКІ, ТУҒАН ТІЛІ

Бұл баптар әркімнің де жанына жақын

«Қазақстан Республикасы тіл туралы» заңына өзгерістер енгізу жөнінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдың 29 желтоқсанда Жарлыққа қол қойған еді. Осыған орай, Заңға өзгерістер енгізіліп, кейбір баптардағы бұрынғы орыс тілін міндеттеген ережелер қайта жазылды.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

Мысалы, 19-баптағы өзгерісте: «Әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары мемлекеттік тілде жазылады», – деп көрсетілді. Бұрынғы бапта бұл қазақ және орыс тілдерінде міндеттелген еді.

Осыған бір мысал, өзіміздің дарияның жағасында «Өзера Сырдария» деген тактайша тұратын еді. «Осылай жазылмаса, оның Сырдария өзені екенін басқа біреу біле алмай қала ма?» деп тонтеріс өте беретінбіз.

Заңның айтып отырғаны мұнан былай алдыңнан мұндай жазу шықпайды деген сөз.

Ал, 21-бапта мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде немесе басқа тілдерде де жазылатыны айтылған. «Қажет болған кезде», бұрынғыдай, «мемлекеттік тілде сол жағына немесе оң жағына жазына, орыс тілінде оң жағында немесе төменгі жағына орналасады» деген міндеттеме жоқ.

Сондай-ақ, Заңда мемлекеттік емес ұйымдарға қатысты



олардың іші, тысындағы хабарландырулар, жарнама, баға көрсеткіштері, ас мәзірі, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпараттардың мемлекеттік тілде жазылуы керектігі айтылады.

Осы өзгерісте «ас мәзірі» деген сөзді көріп отырмыз.

Жасыратыны жоқ, өз қаламыздағы кейбір дәмханаларға бара қалсаңыз алдыңызға «меню» әкеледі. «Маған меню емес, ас

мәзірін әкеліңіз», – деп айта алмаймыз. Өйткені, ол заңға томпак емес. Мұнан былайғы жерде сіз заңды құқыңызды талап ете аласыз.

1 наурыз күні Заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру мақсатында облыстық ішкі саясат басқармасы, тілдерді оқыту орталығы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы өкілдері мен тіл жанашырларынан құрылған ақпараттық-насихаттық топ Қызылорда қаласының орталығында орналасқан кәсіпкерлік нысандарды аралады. Олар кәсіпкерлерге заң баптарының өзгерістерін түсіндірді. Түсіндіру жұмысы барысында нысандардың маңдайшаларындағы хабарландырулардың орфографиялық нормаларға сай емес, түсініксіз түрде жазылғаны көрінді.

Ал, нысан атауларының көбі ағылшынша, орысша жазылған, арасында иероглифтар да жүр. Көпін ішкілері мененің заңды атауы әділет органдарында солай біктірілгенін айтады. Бұл – өзгерте

алмаймын дегені. Насихаттық топ сол атаудың жанына қазақша атауға бір ат жазып қою сіздің тілге деген жанашырлығыңыз болмақ, ол және заңға қайшы емес деп үгіт жүргізді. Алайда, ең дұрысы нысан атауын қайта рәсімдеу болмақ. Бірақ, ондай шаштөк шаруаға бара қоятындыр жөк сияқты. Сондықтан, әділет орындары жергілікті халық түсіне алмайтын атауларды о бастан қабылдамаса, ол енді басқа әңгіме. Бұл – біздің ойымыз.

«Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», – деген еді Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев, 2019 жылдың сәуір айындағы «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында.

Демек, біздің ойлағандарымыздың іске асыуы анық. Ол ойымыз – мемлекеттік тіл мәртебесін асқартатын, құлттың жаны» болып саналатын қазақ тілінң салтанат құруы.



Тегін үйірменің теңгесі қайда немесе жаңа бастаманың жалғасы қалай болмақ?

Елдегі карантин кезінде кәсіпкерлер тәуекел етіп тегін үйірмелер ашуға сол уақытта ынта білдіре қоймады. Өйткені ең алдымен үйірме ашу үшін қойылатын бірнеше талаптар бар. Бірінші кезекте қалтаңда қаржы болуы керек. Бұрынсоңды бұл салада тәжірибесі жоқ адамға үйірме жұмысын үйлестіру үшін білім, ұйымдастырушылық қабілеттерді тағы қосыңыз. Президент тапсырмасынан кейін республикада, әр өңірде журналистерге арнап брифингтер берілді. Жалпы айтсақ естіген және оны жеті түсінген кәсіпкерлер мен өтімді берушілер дереу іске кірісіп кетті. Бүгінде кәсіпкерлер бір емес бірнеше жерден осындай тегін үйірмелер ашып, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануына жағдай жасап отыр.

Өткен жылы мемлекет спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына шаққанда нормативтік қаржыландыру тегін іске қосты. Бұл жоба шеңберінде 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерге тегін бара алады. Биыл облыс бойынша спорттық тапсырысқа 638 млн 500 мың теңге, ал шығармашылық тапсырысқа 301 млн 200 мың теңге бюджеттен қарастырылған. Өткен жылға салыстырғанда едәуір көп. Осы жобаны қатысшылар келгендер art.spot.edu.kz платформасы арқылы өтініп береді.

Қазалы ауданының ортасында аталған тақырып бойынша «Атамекен» ұлттық палатасының облыстық филиалында кәсіпкерлерге, жобашы қатысқан деушілерге арналған жиын болды. Сонда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттамалар басқармасы басшысының орынбасары Еркең Жеткерұлы бірқатар мәліметтер айтқан болатын.

– 2020 жылдың желтоқсан айында ҚР Мәдениет туралы заңына толықтырулар енгізілді. Оған мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және оны қаржыландыру деген баптар қосылды. Осыған байланысты аталған өзгерістер 2021 жылдың 1 мамырынан бастап қолданыста. Соған сәйкес ҚР Мәдениет министрлігі тарапынан 8 құжаттама нормативтік-актілік құжат дайындалды. Оның 4-үсі спорт, 4-үсі мәдениет саласына қатысты. Біздің өңірімізде бұл өзгерістер тамыз айынан басталды. Қаражаттың кеш бөлінуі салдарынан мемлекеттік шығармашылық бағытта өтімдер де уақытылы қабылданып келеді. Бүгінде жалпы 1749 өтімді келіп түссе, оның 438-і оң нәтижесін алды. Ал 896 өтімді кері қайтарылған. Ол алаңсыз кері қайтарып емес, кейбір құжаттардың дұрыс болмауына байланысты түзету жұмыстарын жүргізуге кері жіберілген. Сонымен қатар 400-дің үстіндегі өтім қаралуында. Бұл өтімді жылдың қатар айына дейін келіп түскен өтімнен, быылғы жылдың екі айында берілген өтімді бір жарым айдың өзінде 2-3 есеге артқан. Кәсіпкерлер бұрынғыдай емес, ақпаратты есті бастап, қызығушылық танытуда. Республика құжатты дайындайтын кезде мемлекеттік шығармашылыққа байланысты қаралған қаржы жергілікті бюджеттен берілуі керек делінген. Бірақ осы кезден-ақ қаржының жетіспеушілігі анық байқалуда. Бұл бізге республикалық бюджеттен де қаржы керектігін көрсетіп отыр. 2021 жылы 17 өтімді беруші болса, қазіргі күні 50 өтімді беруші өз жұмысын іске асырауда, – деді.

Өткен жылы мемлекет спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына шаққанда нормативтік қаржыландыру тегін іске қосты. Бұл жоба шеңберінде 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерге тегін бара алады. Биыл облыс бойынша спорттық тапсырысқа 638 млн 500 мың теңге, ал шығармашылық тапсырысқа 301 млн 200 мың теңге бюджеттен қарастырылған. Өткен жылға салыстырғанда едәуір көп. Осы жобаны қатысшылар келгендер art.spot.edu.kz платформасы арқылы өтініп береді.

Өткен аптаның ортасында аталған тақырып бойынша «Атамекен» ұлттық палатасының облыстық филиалында кәсіпкерлерге, жобашы қатысқан деушілерге арналған жиын болды. Сонда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттамалар басқармасы басшысының орынбасары Еркең Жеткерұлы бірқатар мәліметтер айтқан болатын.

– 2020 жылдың желтоқсан айында ҚР Мәдениет туралы заңына толықтырулар енгізілді. Оған мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және оны қаржыландыру деген баптар қосылды. Осыған байланысты аталған өзгерістер 2021 жылдың 1 мамырынан бастап қолданыста. Соған сәйкес ҚР Мәдениет министрлігі тарапынан 8 құжаттама нормативтік-актілік құжат дайындалды. Оның 4-үсі спорт, 4-үсі мәдениет саласына қатысты. Біздің өңірімізде бұл өзгерістер тамыз айынан басталды. Қаражаттың кеш бөлінуі салдарынан мемлекеттік шығармашылық бағытта өтімдер де уақытылы қабылданып келеді. Бүгінде жалпы 1749 өтімді келіп түссе, оның 438-і оң нәтижесін алды. Ал 896 өтімді кері қайтарылған. Ол алаңсыз кері қайтарып емес, кейбір құжаттардың дұрыс болмауына байланысты түзету жұмыстарын жүргізуге кері жіберілген. Сонымен қатар 400-дің үстіндегі өтім қаралуында. Бұл өтімді жылдың қатар айына дейін келіп түскен өтімнен, быылғы жылдың екі айында берілген өтімді бір жарым айдың өзінде 2-3 есеге артқан. Кәсіпкерлер бұрынғыдай емес, ақпаратты есті бастап, қызығушылық танытуда. Республика құжатты дайындайтын кезде мемлекеттік шығармашылыққа байланысты қаралған қаржы жергілікті бюджеттен берілуі керек делінген. Бірақ осы кезден-ақ қаржының жетіспеушілігі анық байқалуда. Бұл бізге республикалық бюджеттен де қаржы керектігін көрсетіп отыр. 2021 жылы 17 өтімді беруші болса, қазіргі күні 50 өтімді беруші өз жұмысын іске асырауда, – деді.

Спортық секциялар бойынша облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жағыпар Тәжмаханов айтты.

– Бұл – Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан қолға алынған жатқан жаңа жоба. Негізгі бастамашы балалар құқығын қорғау жөніндегі арнайы уәкіл Аружан Саин. Сол кісінің бастамасымен өткен жылдан бастап қолға алынды. Сайтта барлық мәліметтер көрсетілген. Өткен жылы кәсіпкерлер толық құлағдар болмады. Биылдан бастап келіп жатқан кәсіпкерлердің көптігіне қарап, халықтың басым бөлігіне ақпараттың жеткеніне куә болып отырмыз. Спорт саласы бойынша қаражаттың мүмкіндігіне байланысты барлық қаржы жергілікті бюджеттерден қарастырылуы керек. Бұл жоба өткен жылдың мамыры айынан басталды, ал бізде келер жылдың бюджеті желтоқсан айында қарастырылатынын жақсы білесіздер. Сондықтан бекітілмеген бюджетке енгізілмегендіктен қаржы аз болды. Спорт саласына 202 млн теңге бөлінді. Ол 2156 балаға жоспарланған. Біз сонда да 2500 баланы қамтыдық. Биылғы жылы бұл қаражатты үш есеге ұлғайттық. Спорттық секцияға бөлінген 638 млн теңге 4312 балаға жоспарланған. Қазіргі таңда өткен жылмен қоса есептегенде 898 өтімді келіп түсті. Соның ішінде 165 өтімді сараланып, заңға сәйкес оң қорытынды алып жұмысын жасап жатыр. Ол 7900 баланы қамтиды. Бізде оң қорытынды алғанымен ваучер номер деген бар, яғни әр балаға тіркеу нөмірін береді. Спорт секцияға немесе мәдениет үйірмесіне тіркеу нөмірін береді. Ваучер – кәсіпкердің ашқан үйірмесіне ресми қабылдану нөмірі деген сөз. Қарап отырсаңыз, 4312 бала болса 7900-дің үстінде 3500 балаға бөлінген қаржы лимиттен асып тұр. Соған сәйкес қаржы мүмкіндігіне байланысты спорт секциясына бала қабылдауды уақытша шектеп тұрмыз. Кәсіпкерлер тарапынан жазбаша шағым беріп, ауызша хабарласып жатқандар да бар. Бұл біздің қолымыздағы дүние емес. Біз министрлікке арнайы өтініммен бардық. Республикада қаржы бөлу мүмкіндігі жоқ екенін ашық айттық. Өзірге жергілікті бюджеттен қаржы қарастырылады деген уәж айтылды. Сондықтан спорттық секцияға да, мәдениет үйірмесіне де бала қабылдауды уақытша тоқтатып отырмыз. Себебі біз қазір ашып қойсақ, айтылған балалардың саны күн санап екі еселенп өседі. Алдағы уақытта ақша беру мүмкіндігі болмаса кредиториялық қарыздар қалыптасып, аяғы үлкен әлеуметтік шиеленіске алып келуі мүмкін. Кәсіпкерлерді түсінеміз, ғимараттарды жалға қажетті жабықтарды несиеге алған. Оның барлығын мониторинг жасай алмаймыз. Кімнің мүмкіндігі бар сол ашады. Біз лимит бойынша өтімдерді түскен реттілікпен қарап отырмыз. Соған сәйкес құжатты дұрыстарға оң қорытынды бердік. Оң қорытынды алған 165 өтімді 10 мыңның үстіндегі бала қабылдауға мүмкіндік бар. Бірақ 7900 баланы қабылдап үлгерді. Сол жерден уақытша тоқтатылып тұр. Өтімді тренерлерге қандай талаптар қойылады, спорт ғимараттары қалай жабықталуы тиіс деген мәселелер министрлік бекіткен нормативтік құқықтық актілер ішінде көрсетілген. Біз оператор ретінде белгіленгенбіз, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Облыста 18 жасқа дейін 221 мың бала тіркелген. Соның ішінде 4-18 жасқа балаларды мәдениет және білім беру, қосымша білім беруге қамтуға қазір Үкімет белгілеген индикаторлар бар. Бір балаға заң бойынша екі үйірмеге дейін немесе екі спорт секциясына дейін жазылуға мүмкіндік қарастырылған. Қазір көп ата-ана балаларының бос уақытын тиімді пайдалануға тырысады. Бір емес бірнеше үйірмеге апарды. 221 мың баланы бір жылда үйірмемен қамту мүмкін емес. Бұл жерде ата-ана тарапынан түсіністік болуы керек. Нормалар бекітілген тариф бар. Соған сәйкес төленеді. Мәселен, бір бала айына 12 рет қатысу керек. Оның арнайы оқу бағдарламасы әзірленеді. Сабақ кестесі болады. Барлығы электронды табылға белгіленеді. Ата-ана баласының барған-бармағанын растап белгі қояды. Растап белгі қойғаннан кейін операторға келіп түседі. Келіп түскен соң төленетін ақшаның сомасы анықталады. Соған сәйкес ақша төленеді. Бұл жерде тағы бір шикілтікті қыла беретін анық. Ата-аналар порталға кіруге берілетін парольді сол үйірмені ашуға өтімді беруші өзі алып, оны толырып жіберген деректер де бар. Бұл әлеуметтік желіде шұ болғаны да

рас. Бір ата-ана баласын тегін үйірмеге жаздыру үшін платформаға тіркейін десе, оның баласы тіркеліп тұрғанын білген. Арты дауға ұласқан жағдайлар да орын алуда.

Иә, бірінші кезекте сапалы спорт секциясымен, үйірмемен қамту керек. Кәсіпкердің негізгі мақсаты – пайда табу. Бірақ екі ортада баланың құқы шектелмесе екен дейміз. Сонымен қатар өтімді беруде кәсіпкерлер тарапынан кездескен кедергілер де жоқ емес. Айталық бір кәсіпкердің ұсыныған құжаты 20 ретке дейін кері қайтарылған. Аудандар бойынша Сырдария мен Жаңақорған өткен жылы өтім беруді бастаған. Биыл барлық аудандардан өтімдер келіп түсуде.

Қазалы ауданының осындай үйірме ашу үшін талаптанған Алмас Әділбаев деген азамат бұл мәселеде ешкімнен ешқандай ақпарат ала алмай қиналғанын айтады.

– Мен осы бағдарламаны қыркүйек айында егтімді. Сол уақыттан бері мәдениет бөліміне бірнеше рет бардым. Үш ай бойы не маманым не телефон арқылы хабарласа алмадым. Амалым болмаған соң, Алматыға барып, сол жердің операторымен сөйлестім. Олардың айтуынша «біз әр облыстан адамдарды оқыттық, сіздерге мамандар түсіндіру керек» деді. Өзім Солтүстік Қазақстанға көшкенмін. Бірақ Қазалыдан ашқым келген. Желтоқсан айында Солтүстік Қазақстанға бардым. Олар мені ортақ чаттарына қосты. Барлық құжаттармен таныстырып, сол күні мамандарға кіріп, іздеген ақпаратты маған жеткізді. Түсінбейтін сұрақтар болса көмектесеміз деді. Қазақстан бойынша оқу орталықтарын жақсы білемін. Дәл осы ақпараттың ашықтығы жағынан біздің облыста мәселе туындайды. Кіру де, сұраққа жауап алу да мүмкін емес. Қазалы қаласында спорттық шығармашылық үйірмелер жоқтың қасы. Осы қалада 10 жылдан бері оқу орталығын ашып жұмыс жасаймыз. Кешегі карантин кезінде кәсібім тоқтап, ғимарат қанырап қалды. Мен қажетті құжаттарды Солтүстік Қазақстаннан алдым. Ақша, маман жоқ деп кері қайтарып берді. Ақыры жауап ала алмадым, – дейді ол.

Иә, бір кәсіп бастау үшін алдымен қаржы болуы керек. Бүкіл әлемде қалыптасқан дағдарыс жағдайы кәсіпкерлерге де оңай болмады. Ал енді кәсіп бастайтындар жайлы айтудың өзін арттық. Мысалы, қала тұрғыны Салтанат Муратова сол жағалаудан спорттық үйірме ашу үшін несие рәсімдеп, ғимаратты жалға алып оны жөндеуде. Бірақ әлі үйірмені ашпаған. Өтімнің бергеніне бір апта болыпты. Қазір ол қаралу үстінде екен. Енді ол бөлінген қаржының бітіп қалғанын естіп, алған несиеден қалай жабырын білмей басы қатуда. Қосымша қаржы қарастырылғанымен ол қашан берілетініне, өтімнің қайтадан кері қайтарылмайтынына кепілдік те жоқ. Себебі барлық құжаттар айтылған талаптарға сай болуы керек. Десе де, кейбіреулер ебін тауып екі асап, мәселені «көз қысты, бармақ бастылықпен» шешіп жатқандар да бар екен. Мұндай жағдайлардың болатыны да айдаң анық. Өйткені бөлінген қаржыдан барлығы да алғысы келеді, кәсіпкер пайда жағын ойлайды. Естеріңізде болса, осыдан 6-7 жыл бұрын мемлекеттік-жекеменшік серіктестік асында да балабақшалар көптеп ашылды. Бағдарлама басталғанда қуанып, бөрімізді аспанға лақтырыдық. Бірақ тексеріс кезінде құжатта бар бала ол жерге мүлдем келмегені, тіпті балабақшаның орнында ескі сарай тұрғаны жайлы деректер кездескен. Бұл мәселеде де сондай деректер орын алмасына кім кепіл? Біздің көздеріміз – балалардың қамы, бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалғаны. Өйтпесе, мұндай бастаманың талай былығы шығып жатқанын бүгінгі қоғамнан аңғару қиын емес.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА. «Сыр бойы»

УТИЛЬ АЛЫМЫ екі есе азайды, көлік арзандай ма?

Мемлекет басшысы жыл басында кәдеге жарату алымының мөлшерін пысықтауды тапсырған болатын. Ұзақ үзілістен кейін Үкімет алымның жаңа мөлшерлемелерін жариялады. Бұл ретте барлық ықтимал нұсқалар ойластырылғаны, алым көлемі отандық автоөндіріске зиянын тигізбейтіні айтылды. Жаңа мөлшерлеме бұрынғысынан екі есе қысқарған.

Sb Бибілат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр утиль алымын мүлде алып тастау туралы, отандық автомобиль өнеркәсібінің жоққа шығаруға тырысқан пікірлер көптеп айтылғанына қарамастан, теңгерімді шешім қабылданғанын айтты.

– Автомобиль өнеркәсібінің ынталандыру деңгейі, негізінен, автокөліктердің барлық түрлері мен өндірілетін ауыл шаруашылығы техникасы бойынша мөлшерлемелерінің 50%-ке төмендетуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Жаңа мөлшерлеме көлік бағасын арзандатуға ықпал етуі керек болатын. Бірақ отандық автокөліктердің емес. Өйткені, мемлекет жергілікті өндірушілерге экологиялық төлемнің барлық сомасын қайтарылады. Көлік құнын шетелдік автокөліктерді жеткізушілер де қымбаттатуы мүмкін. Кейбір дилерлер бұл туралы хабарлап та үлгерді.

Утиль алымның арзандатуы талап еткен жұртшылықты жаңа мөлшерлеме қанағаттандырмай отыр. Осылайша, қоғам белсенділері автокөліктерді кәдеге жарату алымын 10 есе азайтуды талап етуде. Сонымен қатар, көлік иелерінің айтуынша, шет мемлекеттерден көлік әкелу кезінде тіркеу алымының жоғары болуы мәселесі де шешілмеген. Бұл түпкілікті көлік бағасына әсер етеді.

2022 жылға дейін қоғам белсенділерінің наразылығына қарамастан, Үкіметтің утиль алым мөлшерлемесін төмендету ықтималдығы шамалы болатын. Бірақ қантар оқиғасы шенеуніктерді шұғыл шешім қабылдауға мәжбүр етті. Осылайша, бір жарым айға жуық уақыттан соң жаңа мөлшерлеме жарияланды. Айтуларынша, барлық факторлар, ең алдымен, отандық автоөндірістің мүддесі ескерілген. Бөлшектердің көбін шетелден сатып алғанымен, көліктер елімізде құрастырылады. Демек, өнімді Қазақстанда жасалған деуге болады және өндірушілердің сырттан қосалқы бөлшектерді әкелу кезінде төлейтін міндетті экологиялық төлемі толығымен қайтарылады. Бір сөзбен, елімізде құрастырылған көліктер үшін утиль алымның мөлшері нөлге тең.

2016 жылдан бері төленіп келе жатқан бұл алым түрі негізінен кәдеге жарату шығындарын жабатын экологиялық төлем. Дегенмен, шын мәнінде, ол отандық автоөнеркәсіпті бәсекелестіктен қорғау үшін пайдаланылады. Өйткені тек импорттық шетелдік автокөліктер үшін төленеді. Сондықтан бағасы да жоғары. Бірақ тарифтер төмендеген жағдайда мұндай көлік арзандауы керек дейді мамандар.

Қазір барлық сатылымның 65 проценті отандық көліктер үлесінде. Олардың бағасы мүлдем өзгермейді. Утиль алымның жаңа мөлшерлемесі енгізілгеннен кейін төлем көлемі, мысалы жеңіл автокөлік үшін 459 мың емес, 229 мыңнан басталады. Ең жоғары баға 3,5 миллионнан 1 миллион 800 мың теңгеге дейін төмендейді. Өзгеріс жүк көліктеріне де қатысты. Бұған дейін, мәселен, шетелден әкелінген тракторлар мен комбайндарға төленетін шекті төлем мөлшері жалпы алғанда 12 миллионнан асатын.

Бұған дейін көліктерді кәдеге жаратумен айналысатын «Оператор РОП» жеке компаниясы утиль алымның қабылдап келген. Қазір бұл міндет «Жасыл даму» мекемесіне жүктелді. Утиль алымына қарсы қоғам белсенділері шенеуніктердің асыра сілтеп отырғанын айтып, төлемді қазіргіден де арзандатуды талап етіп отыр. Дегенмен, құзырлы органдар бұл мөлшерлеме түссі, инвесторлар отандық өндірісті бірден тоқтатады деп қауіптенеді. Олар шетелдік компаниялармен бәсекеге түсе алмайды.

Дегенмен, кәдеге жарату алымына наразылар қосалқы бөлшектердің басым бөлігі онсыз да сырттан әкелінетінін айтады. Бөлшектер шетелден сатып алынғандықтан, отандық автомобиль өнеркәсібі ынталандыруға жұмсалып отырған қаржы ішінара шетелге кетеді. «Тісіңше, отандық автоөнеркәсіпті емес, көрші елдердің автоөнеркәсіптерін ынталандырып жатырмыз» деген пікірде.

Ал, автосалон иелері утиль алымы қаншаға азайса, импорттық көліктердің бағасы да сонша төмендейтінін айтады. Бірақ көлік бағасына теңгеге қатысты доллар бағамының қатты әсер ететінін ескеру керек.

Сондай-ақ, утиль алымынан басқа, сураныс пен ұсыныстың арақатынасы маңызды рөл атқарады. 2022 жылы жаһандық тапшылық салдарынан жаңа автокөліктерге деген жоғары сураныс пен олардың дилерлік орталықтарыдағы тапшылығы жалғасуда. Мамандар жетіспеушілік жағдайында бағаны төмендету ақылға қонымысз екенін айтады. Ал, жаңа көліктердің тапшылығы ескі көліктер нарығын да тұрақсыз қыюде ұстайды. Өйткені жаңа көліктер тапшылығы жағдайында сатып алушы қайталама нарыққа барады.

Әртүрлі пікірлер айтылғанымен, утиль алымның жаңа мөлшерлемесі көлік нарығына қалай әсер ететіні бір-екі айдан кейін белгілі болады. Өзірге кәдеге жарату алымының жаңа мөлшерлемесін мамыр айының басында енгізу көзделіп отыр. Жоспарға сәйкес, сол уақытта жеңілдетілген автонесие беру бағдарламасы да басталуы тиіс.



Айсәуле ҚАРАПАЕВА. «Сыр бойы»

Мамандығын ұстаздықпен ұштастырған

Быттыр ел тәуелсіздігінің 30 жылдығында республика көлеміндегі сияқты біздің облысымызда да іс-шаралар өткізілді. Облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігі де «Сыр елінің дара есімдері» атты жоба қабылдап, тәуелсіздік жолында аянбай еңбек еткен, өздерінің қайраткерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерімен ел құрметіне бөленген әр салада қызмет атқарған тұлғалар туралы зерттеулер жүргізіп, есімдерін мәңгілікке қалдыруға, музейлерде арнайы бұрыш ұйымдастыруға, еске алу іс-шараларын өткізуге араласқан болатынбыз.

Солардың ішінде қоғам қайраткері, медицина саласының майталманы, облыстық денсаулық сақтау басқармасын (ол кезде бөлім деп аталатын) 1952-1982 жылдары 30 жыл бойы басқарған София Өтегенқызы Мақашева мен Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, медициналық училищенің 1962-1991 жылдары 29 жыл басқарған Сара Төлегенқызы Дәуітбаева бар еді. Бұл жазбада Сара Төлегенқызының өмірі мен қызметі туралы баяндалады.

Сара Дәуітбаева 1958 жылы Алматы медицина институтын бітіріп, өзінің туған жері Қызылордада қалалық балалар емханасына дәрігер болып орналасады. Оқуды жаңа бітірген жас маман болса да, осы қызметті атқару барысында өзінің мамандығын сүйген, оның қыр-сырын меңгеру үшін үнемі ізденісте жүретін, балаларды медициналық дәрі-дәрмекпен ғана емес, өзінің жылы жүзімен, жаңға жайлы сөзімен де емдейтін, келешегінен көп үміт күттіретін маман екенін көрсетті. Осындай ылғадағғы еңбегі, белсенді қызметімен абыройға бөленген ол 1962 жылы Қызылорда медициналық училищенің директоры болып тағайындалады. Сыр бойындағы орта буындағы медициналық кадр дайындайтын бірден-бір училищенің басқару барында күрделі, шешілмеген өзекті мәселелері жетерлік, оқу-тәрбие жұмысын үйлестіре жүргізу үлкен ұйымдастырушылық қабілетті қажет етеді. Осы күрделі жұмысты бірден қолға алып, іскерлікпен кіріседі. Ешуақытта ізденуден жалықпайды, сол кездегі Одақ бойынша үлкен қалалардағы курстардан өтіп, тәжірибе жинақтайды, медицина ғылымының жаңалықтарымен танысады, өзі де ғылыми еңбектерімен айналысады. Сол кездегі облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы София Мақашева, білікті дәрігер Ернияз Омаров, тағы басқа әріптестерінің тәжірибесін алады. Облыс, қала басшыларының алдына медициналық училищенің материалдық-техникалық базасына байланысты мәселелерді батыл қозғап, шешімін тапқанша дамыл таппайды.

Сара Төлегенқызының учили-

щені басқарған 30 жылға жуық жұмысын талдап, баяндай бастасақ оған уақыт та, жазуға берілген мүмкіндік те жетпеген болар еді. Сондықтан атқарған сан қырлы жұмыстарының біреуіне ғана тоқталсам деймін. 1970-1980 жылдар училищенің материалдық-техникалық базасының жаңарған кезеңі болды. Жаңа оқу ғимараты, 444 орынддық екі жатақхана оның іскерлігінің, белсенді қызметінің арқасында салынды. Осы жылдары медицина училищесі республикадағы ең үздік медициналық оқу орнының бірі болып саналды. Бірнеше республикалық деңгейдегі семинарлардың Қызылорда медицина училищесінде өтуі соған айқын дәлел бола алады. Орта медициналық білімі бар мамандармен облысты жеткілікті қамтамасыз ету мақсатында Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудан орталықтарында және Ленинск (қазіргі Байқоңыр) қаласында училищенің филиалдары ашылды. Сара Төлегенқызы қанша мыңдаған шөкірт тәрбиеледі. Солардың ішінде училищенің кейін медицина институттарға түсіп, ғылыми кандидаттары, докторлары, медицина саласының ұйымдастырушысы болып қалыптасып, үлкен ауруханалардың, клиникалардың басшылары болғандары қаншама. Мен Сара Төлегенқызын 1970 жылдан бастап білдім, танысқаннан бастап жақсы сыйластық қарым-қатынаста болдық. Училищеге Тереңөзек ауданынан түскен студенттердің жағдайын білуге келгенімізде жылы қарсы алып, көмегін аямайтын. Қызылордада өтетін жиналыстарда, семинарларда кездесіп қалатынбыз.

Іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеттерімен қоса оның адамгершілік қасиеті де жоғары еді. Өзі келісті, көрікті кісі болатын, жарасымды, талғаммен кинетін, мінезі салмақты, сабырлы, айналасындағы адамдарды өзіне тартып, үйіріп алатын. Кездесіп, сөйлесіп қалғанымызда көңілге жылу ұялап, рухани өсіп қалатын едік, ол қасиеттерінің әлі күнге дейін ұмытқан жоқпыз.

Сара Төлегенқызы осындай іскерлік қабілетті, адамгершілік



қасиеттерді қайдан алды, қалай қалыптасты десек, халқымызда «тектіден текті туалы» деген қағида бар. Ол кісі тектілікті алдымен отбасынан алған, Сақеннің әкесі Төлеген Дәуітбаев ұзақ жылдар бойы облыста түрлі салаларда басшылық қызметте болған, атқарған қызметінің бір-екеуін ғана айтсақ: Қазалы аудандық атқару комитетінің төрағасы, облыстық коммуналдық шаруашылық мекемесі, облыстық қамсыздандыру бөлімдерінің басшысы қызметтерін атқарған. Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне үш мәрте депутат болып сайланған. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен төрт рет марапатталған. Сара Төлегенқызы осындай әкеден, анадан, отбасынан тәрбие алып қалыптасқан.

Ол білікті дәрігер, медицина саласының ұйымдастырушысы болумен қатар қарымды қайраткер еді. Қалалық партия комитетінің мүшесі, қалалық кеңестің депутаты ретінде облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласты. Медицина саласының жұмыстарына тыс облыстың әлеуметтік-экономикалық салаларына үлес қосып, аудандарды арнайы тапсырмалармен аралайтын, халықпен кездесетін, бәріне де уақыт табады.

Сара Дәуітбаеваның қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен және көптеген медальдармен, жоғарғы органдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер». 7 рет қалалық кеңеске депутат болып сайланған. Күрделі де жауапты қызметтер

атқара жүріп, отбасының ұйытқысы, шырағы, сүйікті жар, ардақты ана, аулы өже болды, балалары тәрбиелі жоғары білімді азаматтар, жауапты қызметтер атқарады. Перзенттері, олардан өрбіген ұрпақтары – Сақен мен Әзекеннің өмірінің жалғасы.

Отыз жылға жуық басқарып, бар күш-жігерін, білім-білігін, аямай жұмсаған медициналық училище өзінің жарқын істерін, озық дәстүрін әрі қарай жалғастырып, орта буын медициналық кадр дайындауда абыройлы орнын сақтап келеді. Училищені облыстағы белгілі қоғам қайраткерлері Раиса Көзденева, Ақмарал Әлназарова басқарып, оқу орнының материалдық-техникалық базасын жаңартып, толықтырып, білім мен тәрбие, кәсіби мамандық беру жұмыстарын шебер үйлестіре білді.

Бүгінде Қызылорда медицина жоғары колледжнің әкімшілігі, кәсіподақ ұйымы, ардагерлер кеңесі, жалпы ұжым қазіргі заман талабына сай, білім беру саласының реформаларын жүзеге асырып, оң тәжірибелерге қол жеткізіп келеді. «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігі атынан Сара Төлегенқызы Дәуітбаеваны ұлықтау жөнінде ұсыныспен келгенімізде қазіргі колледж директоры Салтанат Тасмағанбетованың басқаруымен бүкіл ұжым үлкен ұйымшылдық көрсетіп, өздерінің жалпы жиналысында колледжде Сара Төлегенқызы Дәуітбаеваның есімін беру жөнінде бірауыздан шешім қабылдады. Хаттама мен тиісті құжаттар заңдылықтарға сай ономастикалық комиссияға ұсынылды. Бүкіл өмірі, қоғамдық қызметі, 30 жылға жуық училищені абыройлы басқаруы, ғылыми ізденісі, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер» атағы бүкіл республикаға белгілі тұлға екенінің дәлелі, сондықтан колледжде есімін беруге әбден лайық деп есептейміз. Алдағы 8 наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында Сара Төлегенқызы Дәуітбаеваны еске алуға арналған «Сағынышқа айналған сәулелі ғұмыр» атты кеш ұйымдастыруға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Колледж ұжымына «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің ұсынысын қабыл алып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгені үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Алмагүл БОЖАНОВА,
«Ұрпақтан ұрпаққа»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы, «Парасат»
орденінің иегері



Алғысқа лайық жан

Жасым жетпіске келгенде 2 рет жүрек қысына ұшырап, облыстық аурухананың кардиология бөлімінен бір-ақ шықтым. Болім меңгерушісі Гүлсім Балтабайқызы қабылдап алып, шұғыл түрде тексеру жасапты. Тексерудің қорытындысы бойынша жүрек тамырларының бітелуі, қан айналымы кыйнаудың анықталуы шұғыл түрде ота жасатуға кеңес берді. Ота жасаған эндоваскулярлы бөлімнің меңгерушісі Нұрлан Токтағанұлының қолы өте жеңіл екен.

Білікті дәрігердің кәсіби шеберлігі мен ұзақ жылдағы тәжірибесінің арқасында ота жеңіл әрі сәтті өтті. Оған алғысым шексіз. Отадан кейінгі емделуді кардиология бөлімінің меңгерушісі, білікті дәрігер Гүлсім Балтабайқызы өз қолына алды. Бөлімде 45 орын, яғни 45 ауру. Ауруларға көмек көрсеткен 8 дәрігер, 16 аяжан жасе бірнеше тазалықшылар бар. Үлкен бір ұжым. Әр науқастың мінезі әртүрлі. Олармен тіл табысу, көңілін шығып емдеу, үлкен бір бөлімді басқару, істен шашау шығармау оңай шаруа емес. Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді дегендей, басшысына қарап түгел ұжым бойын тіктейді. Өз қызметіне лайық болуға ұмтылады.

Осы ретте білікті дәрігер облыстық кардиология бөлімінің меңгерушісі Гүлсім Балтабайқызының еңбегін айтпай кету мүмкін емес. Дәрігер дорімен емес, жылы сөздерімен де науқастың еміне шипа болары хақ. Аурудың беті қайтып сауыққаннан кейін Гүлсіммен әңгімелескенімде:

– Балам, күнделікті азаның тексеруді 7.30-да бастайсыз ба? – деп сұрадым.

– Негізгі 9.30-да бастауым керек. Бірақ ол уақытта күте алмаймын. Себебі, емделуші науқастар мені тағатсыздана күтеді. Жағдайлары қалай екен деген ой маған туындап маза бермейді. Сол себепті күнделікті үйден 6.30-да шығамын. Ауа райының қолайсыздығына қарамай, осыған дағдыланғанмын, – деп жауап қатты.

Гүлсім Балтабайқызы Біржаппарова мектепті тәмамдаған соң адам жанының арашасы болсам деген бала арманымен 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік медицина академиясына емдеу ісі мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1997 жылы дәрігер квалификациясын алып шығады. 1997-2009 жылдар аралығында облыстық аурухананың реанимация бөлімшесінде дәрігер-анестезиолог-реаниматолог болып жұмыс істейді. Ал 2009-2013 жылы кардиология №1 бөлімінің дәрігері, ал 2017 жылдан бастап, осы күнге дейін бөлім меңгерушісі болып жұмыс атқарып келеді. Осы жылдар ішінде қанша науқастың өмірін сақтады. Қанша жаңға көмек қолын созды, қуанышка бөледі.

Бүгінде халықтың алғысын арқадаған дәрігер жары Ерлан екеуі 3 бала тәрбиелеп отыр. Ауруханадан шығар кезде:

– Қызым, Арал ауданынан шалғай орналасқан Жаңақұрлылық елді мекенінде тұрамын. Мүмкін-шілік болса жағдайымды, күнделікті пайдаланып отырған дәрілерімнің әсер етуі жөнінде телефонмен сұрап тұрсам бола ма? – деген сауалыма:

– Ағай, оған ешқандай қысылмаңыз, мен қай уақытта болмасын кеңесімді беремін, – дегенде мен де, палатада емделіп жатқан науқастар да жүздері шыралайып, ризашылықтарын білдірді. Адам жанының арашасы осындай болуы керек деген ой түйдім. Уақытпен санаспай науқастарға қол ұшын созып емдеп жүрген №1 кардиология бөлімінің меңгерушісі Гүлсім Біржаппароваға Алғыс айту күніне орай ризашылығымызды білдіремін. Ол басқарып отырған ұжым мүшелеріне келешектерің келісті, еңбектерің жемісті болсын демекпін.

Сердалы ШАЛБАЕВ,
Жаңақұрлылық ауылдық ардагерлер
кеңесінің төрағасы.
Арал ауданы

«СБ» ақпарат

● БРИФИНГ

Қолжетімді әрі тиімді жүйе

«Аграрлық несие корпорациясы» тауарөндірушілерді қаржыландырудың 3 бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Биыл бұл бағдарламалар аясында өңірге 7 млрд теңгеден аса қаражат қарастырылмақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыс бойынша филиалының басшысы Маханбет Тұрмаханов айтты.

– Ауыл шаруашылығы саласында дамытуда қолжетімді әрі тиімді жүйені қалыптастыру маңызды. Осы орайда біздің корпорация агроөнеркәсіптік

тауарөндірушілерді қолдау мақсатында үш бағдарлама әзірледі. Атап айтсақ, «Кен дала» бағдарламасының несиелеу мерзімі келесі жылдың 1 наурызына дейін

жалғасады. Ал пайыз мөлшерлемесі 5%-ті құрайды. «Агро-бизнес» бағдарламасы құрылыс монтаждау жұмыстарына 120 айға дейін, айналым қаражатын толықтыру 48 айға қарастырылған. «Іскер» бағдарламасы 60 айға дейін қамтылған, – деді М.Тұрмаханов.

Облыс бойынша «ҚазАгро-Қаржы» АҚ 51 млрд теңге көлемінде инвестиция бөлінді. Сондай-ақ, қантар және ақпан

айында 10 шаруа қожалығына 20 техника берілді.

– Жыл басынан көктемгі дала жұмыстарына дайындалу мақсатында 491 млн теңге құрайтын 21 өтініш келді. Оның 5-і мақұлданып, 10 өтініш бойынша келісім-шарт жасалды. Ал 4 өтінішті қаржыландырудан бас тартылды, – деді «ҚазАгроҚаржы» АҚ облыс бойынша филиалының директоры Оразбек Қарақожаев.

Қасымызда жүргендей сезінеміз

Адам баласы тәнір сыйлаған ғұмырында ұрпағына үлгі болатындай өнегесін қалдыруды армандап, сол жолда тынымсыз тіршілік кешіп өтеді. Осыдан он жыл бұрын дүниеден өткен аяулы ағамыз – Тасқараева Айнаш Жәнібекқызы біз үшін сондай аяулы кісі еді. Байсалды болмысы, сабырлы жүзі, жымынған күлкісі қанша уақыт өтсе де біз үшін күн шуағындай жылы әсер етеді. Осы сезімнің әсерінен болар, біз ағамызды бүгін қасымызда жүргендей, бір алыс сапарға кеткендей, бір сәтте қайтып оралатындай болып сезінеміз. Бұл енді анаға, жарға, бауырыға деген ыстық сағыншы сезімі болар деп ойлаймыз.



Жалағаш ауданында дүниеге келді. Ұзақ жыл Қызылорда қаласында, Қазалы ауданында әртүрлі салада жемісті қызмет атқарды. Абыроймен зейнетке шықты. «Еңбек ардагері» медалімен, Байланыс саласының Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды. Ағамыз Сыр өңіріне белгілі азамат, ҚР-ның Құрметті құрылысшысы Жанәбіл Нұрқышовпен жарты ғасырдан астам ғұмыр кешті. Екі ұлы мен бір қызынан ондаған немере мен шөбере сүйді. Бұрынғылар жақсы әйел – ырысын депті. Ол кісі осы теңеуге әбден лайық еді. Кенейілді мінезі, шауақты жүзі, үнемі жыйылмайтын дастарханы Нұрқышовтар әулетінің мерейін асырды, ел азаматтары алдында құрметке бөледі. Сол шауақты сезім осы шаңырақта әлі орнығып тұрғандай сезінеміз.

Бүгін ағайын-туыстың, дос-жаранның басын қосып ағамыздың рухына құран бағыштап, ол кісінің рухына тағзым етуді өзіміздің парызымыз деп санаймыз. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болып, пейіште нұры шалқысын!

Нұрқышовтар әулеті.

Айнаш Жәнібекқызы 1940 жылы

Шалқысын нұрың пейіште

Бес күндік мынау жалған өмірге қанаты бүгін сұңқар, тұяғы бүгін түлпар жоқ десек те қайғы-дан езілген жанымызға дауа таппай киналамыз. Бұл пәнидің жалғандығы жанына жақын жандардан айрылған сәтте тағы бір еске түседі екен. Небәрі 29 жасында келместің кемесіне мінген Шатланбек Назерке Алмасбекқызының өмірден озғанына қырық күннің жүзі болды.



Ерте кеттің қайғы-мұң салып жүрреке. Шүкірің етіп, қол жайып, шалқысын нұрың пейіште, Назерке жаным, шалқысын нұрың пейіште. Назерке Алмасбекқызының қонақасы 11 наурыз күні сағат 16.00-де, қыркы 12 наурыз күні сағат 12.00-де Шиегі ауданы, Балаби ауылында берілетінін барша тілеулер жандарға хабарлай отырып, қасиетті құран ішінде болуға шақырамыз.

Еске алушылар: ата-анасы, бауырлары, жұбайы, қызы, Бәкірөвтер және Құлжановтар әулеті.

Нұрлансын аяқтармен қабіріңіз

Перзенті үшін өмірде ата-анадан биік жан болар ма?! Ұрпағының бақыты үшін жанын беруге дайын тұратын, қабағымен тәрбиелеп, сөзімен еркелетіпін Алладан кейінгі ардақты жандардың орны қашан да бөлек екен. Шанырағамыздың берекесі, ақылшыларымыз, жел жағымызға пана, ық жағымызға сая бола білген асқар таудай өкеміз Жағылар Үндімесұлының өмірден озғанына 40 жыл, ал аяулы ағамыз Маржаш Еділқызының арамыздан алыстағанына 11 жыл болды. Ардақты жандардың бүгінде арамызда жоқтығы жанымызға қатты батады.

Иә, көзі тірісінде ерекше болмысымен дараланып тұратын ардақтыларымыз ағайын-туысқа қадірлі, құла-жекжатқа, өз ортасына сыйлы бола білді. Өкеміз ерте өмірден озса да, ағамыз өнегелі тәрбиесін беріп, қанаттыға қактырмай, тұмықтыға шоқтықтырмай, бірін ұяға, бірін қияға қандырды. Немере-шөбере сүйіп, ақ баталы, қадірлі ана бола білді. Солардың тілеуін тілеп, қылығана тоймай, қуаныш ортамызда отырышы еді. Оған деген сағыншы та сонау өткен күндерді жиі еске оралтады. Десе де, жақсы адамның жарасымды ісі мен жарқын бейнесі көңілден өшпейді екен. Тірлігінде жақсы амалдарымен есте қалған қимастарымыздың нұры бейнесі біз үшін мәңгілікке ұмытылмай сақталады.

Ардақты өкеміз бен аяулы ағамызды еске ала отырып, ағайын-туыс, құла-жекжат, барлық тілеулер жандарға 7 наурыз күні сағат 12.00-де орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде құран бағышталатынын хабарлаймыз.

Еске алушылар: балалары

«Қазгермұнай» БК» ЖШС ұжымы мұнай және газ өндіру департаменті директорының орынбасары, «Нұрталы» кен орнының басшысы Құтмамбетов Мәжитке анасы

Құтмамбетова Жолбікенің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Балалар ауруханасының мерейлі белесі

Сейсенбіде «Балалар жылы» аясында көпбейінді облыстық балалар ауруханасының 60 жылдық мерейтойына арналып ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Мақсаты – балалар денсаулығын нығайту, аурушандықтың алдын алу және салааралық байланысты нығайту. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, КОБА құрметті директоры, сала ардагері Тұрғанбай Маханов қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова аурухана ұжымын құттықтады және медицина қызметкерлерін облыс



әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

Шара соңында «Бақытты балалықтың құтты мекені» кітабының тұсау кесер рәсімі

өткізіліп, қатысушылар назарына ұсынылды. Сонымен қатар қонақтар жыл басында ашылып, бүгінде қарқынды жұмыс істеп жатқан «Қамқорлық» оналту

орталығымен танысып, жергілікті дәрігерлердің емдеу іс-тәжірибелерінен баяндамалар тыңдалды.

«СБ» ақпарат

Төрт ай бойы отандық телеарнада сенбілік бағдарламалар арасында топ жарып, рейтинг бойынша жоғары нәтиже көрсеткен «Қазақстан дауысы» мегажобасы бүгінде көпшіліктің қозғалымына айналды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» сыйлығының иегері Сәкен Майғазиев хабарлады.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Сырдың сандуғашы



– Ең алдымен көрерменге алғысымды айтқым келеді. Құралай жеңіске әбден лайық. Гүлнұр Оразымбетованың Құралайға ырымдап берген бойтұмарын жақсылыққа баладым. Гүлнұрдың репертуарындағы әнімен бастап, толғауымен аяқтағанымыз да бекер болмады. Бұл әндер жеңіске жетеледі. Халыққа ризашылығымды білдіремін, – деді танымал әнші.

Аталған музыкалық жобала еліміздің барлық өңірінен және шет мемлекеттерден талапкерлер қатысып, таланып танылды. 6 мыңға жуық әншінің арасынан сұрылып шыққан сырбойылық

Құралай Мейрамбектің өнері расында, халықты тәтті етті. Жерлесіміз барлық кезеңде ең мықты деген әндерді орындап, ерекше иірімдерді қосып, халықтың жүрегіне жеткізуге тырысқанын айтты.

– Бұл жоба маған сенімділік берді. Көрерменнен шабыт алып отырдым. Әр кезеңде шырқалған ән халықтың көңілінен шықты деп ойлаймын. Сол себепті бұл жеңіске халықтың арқасында жеттім. Мені қолдаған жанларға, қазақ еліне, жерлестеріме рақмет! Ерекше алғысымды тәлімігерім Сәкен ағаға білдіргім келеді, – деді Құралай.

Қазақ халқының тарихында Сығанақ қалашығының алар орны ерекше. Себебі, бұл – қыпшақ хандығының, Ақ орданың, Қазақ хандығының астанасы. Ұлы Жібек жолы бойында, тоғыз жолдың торабында орналасқан стратегиялық маңызы бар, саудасы мен колонер кәсібі қатар дамыған атақты қалалардың бірі.

Сығанақтың сәулетін арттырған



ашық кызыл түсті плиткалар. Аталған қаптамалар тегіс күйдірілген, сәулет өнерінде кесенелерді сәндеу-әрлеу мақсатында пайдаланылған.

Мозайка – түрлі-түсті қыш тақталардан, шыны сынықтарынан құрастырылған ою-өрнек, сурет-бейне (инкрустация). Байырғы өнер саласынан жеткен мозайкалар ертеден-ақ мәнерлілігімен, көз жауын алар көркемдігімен сарайлардың сән-салтанатын асқақтатқан. Алтын ғасыр тұсында бұл өнер Рим, Византия империялары көлемінде кең танылып, зәулім ғимараттардың еден, төбе, қабырғаларын безендіру үшін қолданылған. Ортағасырлық Сығанақ қалашығынан табылған мозайка археологтардың қызығушылығын тудырғаны анық.

Жылтыр көгілдір плитка, үшбұрышты қаптамалар алтыбұрышты қаптамалармен үндесіп, әдемі композиция береді. Алтыбұрышты тақтайшаның ортасында дөңгелек ойығы бар. Рельефтің терендігі 1-ден 1,5 сантиметрге дейін, ашық кызыл түске боялған. Алдыңғы бетіндегі ою-өрнегінде өсімдік мотиві бар. Ортасында ойықпен шектесетін және параллельдің жоғарғы жиегімен бұрышты шетіне дейін өрілген алты үшжапырақ түрінде аяқталған екі параллель сызықтармен жиектелген.

Алтын Орданың орталығы болған Сығанақ қаласынан табылған артефактілер зерттеліп, зерделеніп, ғылыми айналымға шығуда. 2020 жылы Нұрсұлтан қаласында өткен Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері аясында ауқымды көрме ұйымдастырылып, Сығанақ қаласынан табылған дүниелер қонақтарды таңғалдырды. Қазір қыш қапқылы жасалатын сәулеттік қыш қаптамалар, Терракоталардың басқа қаптамалардан ерекшелігі – глазуурленбейді, яғни жылтыр жалатпа жағылмайды. Бұл – өсімдіктестес ою-өрнегі ортасынан жан-жағына пальметта стилінде тараған,

Г.ОРАЗАЛИЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

«Маржан сөз, қоңыр үн»

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Маржан сөз, қоңыр үн» атты көркем сөз оқу шеберлері мен концерт жүргізушілерінің облыстық конкурсы өтті.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просветіліктік орталығы ұйымдастырған байқауға 22 талапкер қатысты. Іс-шарада аталған орталықтың басшысы Мұхтар Ниязов талапкерлерге сәттілік тіледі. Байқауға Қызылорда телеарнасының редактор-жүргізушісі Қанат Әбдіқадыров, Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының артисі Қанат Арқабаев, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просветіліктік орталығының маманы Қонысбек Мәлік қазылық етті.

Сөйлеу әдебін, сахна тілін меңгерген өнерпаздарды тәрбиелеуді мақсат еткен байқауда қатысушылар актерлік шеберлігімен, көркем сөз оқу мәнерімен бақ сынасты. Нәтижесінде жүлделі ІІІ орынмен М.Мәметова атындағы

педагогикалық жоғары колледжінің студенті Сабыр Дильназ, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің студенті Қанатұлы Танат, Жалағаш аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің әншісі Әкерке Жанәділ марапатталды. Ал, ІІ орынды Жанакорған ауданы №163 орта мектебінің оқушысы Икрамхан Нұрсұлтан мен Қазалы ауданы Жалаңтөс батыр ауылының тұрғыны Бекжан Нұрман иеленді. Жоғары деңгейде өнер көрсетіп, өзгерлерден дараланған Арал ауданы Аманөткел ауылы №73 орта мектебінің оқушысы Ердос Ескалі жүлделі І орынмен марапатталды.

Женімпаздар арнайы диплом, қаржылай сыйлықпен, қатысушылар арнайы алғыс хатпен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Құлақтандырудың бірыңғай дабылы

Құрметті Қызылорда қаласы тұрғындары мен қонақтары! 3-4 наурыз аралығында «2022 жылғы су тасқыны кезінде жағдайлардың төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарға АҚМЖ-ның басқару органдарын, күштері мен құралдарын дайындау» тақырыбында «Көктем-2022» республикалық командалық штабтық оқу-жаттығы өтеді. Осы орайда құлақтандырудың бірыңғай жүйесі іске қосылды. Облыс аумағындағы төтенше жағдайларды қауіп туралы тұрғындарды құлақтандыру жүйесіне тәжірибелік псыхиктау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Құлақтандыру жүйесіне тексеру жүргізу кезінде алаңдаушылық тудырмай, тыныштық сақтауларыңызды сұраймыз. «Баршаның назарына!» –

бұл ескерту дабылы. Бұл дабыл авария, зілзала, табиғи апаттар, қарсыластардың шабуыл қаупі туралы тұрғындардың назарын аудару мақсатында жасалды. Дабыл сиренаны, үзіліп шығатын дыбысқа (гудок), көлкітегі және басқа да құралдардағы дауыс зорайтқыштарды қосу арқылы беріледі. Дабыл берілген кездегі халықтың іс-әрекеті: сиренаны, үзіліп шығатын дыбысты (гудок) немесе т.б. естіген кезде радионы, теледидарды қосып, облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің іс-әрекет тәртібі туралы хабарламасын тыңдаңыздар. Алынған ақпаратты көршілеріңізге жеткізіп, естіген іс-әрекет тәртібі бойынша әрекет етіңіздер.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті

Күресу білмейтін палуан

Бұл Дастанбаев Көшекбай деген кісінің айтқаны екен. Ол кісі бұрын Өзбекстанда тұрып, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қармақшыға көшіп келеді. Ал, мен ол кісінің айтып кеткен әңгімесін Қармақшы ауданында көп жыл ұстаздық қызмет жасап, кейін аупарткомда еңбек етіп, аудандық газет редакторы болған Шегебай Құндақбаев ағамыздың аузынан естідім.

Өзі бір кезде палуан атанған Көшекбай әкеміз былай депті.

– Бір күні бір кісінің денесіне қатты қызықтым. Белі мен иығы нағыз балуандікі. Жүріс-тұрысы мен іс-әрекеттері де күресетін адамның пормысы. «Аға, күресейсің» дегенім, қызыққанымнан. Сонда әлгі ағам күліп, мына әңгімесін айтып берді:

– Мен сияқты палуаннан күрес тәсілін үйренгің келіп тұрған бала сияқтысын ғой. Оның дұрыс. Бірақ сен мына оқиғаны тыңда.

Жиырмаға толған шағым. Ауылда жүрмін. Өзің айтқандай, пормым нағыз балуандікі. Бірақ біреудің белінен ұстап, күреспін көрген емес едім. Тіпті, күреспін жатқандардың қимылынан қорқамын. Жазғытұрым мезгіл, бір күні ауылға келген бір байдың мырзасы қонақ жайлап жүрген мені көріп:

– Бала, күзде пәлен жерде Пәленше деген кісі қызын ұзатып, той жасайды. Соған ауылымыздағы небір атсейістер



ат жаратып, жорға дайындап жатыр. Бірақ лайықты палуан жігіттеріміз болмай тұр. Менімен жүр. Жаздай жағдайыңды жасап, тынықтырам. Құдай қаласа күзде палуан бәйгесіне түссесің. Жаман болмасын, – деді.

Менің түр-сипатыма қарап, тіпті күреспін көріп пе едің деп сұраған да жоқ.

Түсіне қойдым. Кедейдің бір тойғаны – шала байғаны. Жығылсам жер көтерер, көрейін деп келісе кеттім.

Сонымен сол ауылда жаздай жаттым. Өз алдыма бір шағын үйді тігіп берді, күніне үш мезгіл жегенім қаймақ. Суыным қымзыз бен қатық. Жас қозының құйрығы мен жілік майына тойып алып, сүт қатқан қою қызыл күрең шайды кесені айналдырып шешім. Кей кезде жұртқа көз қылып, иығымды қозғап-қозғап күреске дайындық

жасаған адамның кейіпін көрсетіп қоямын. Қажымқанды да ешкім бүйтіп бақпаған шығар. Өзім ақшүнақ болып семіріп алдым.

Қойшы, бір күні тойға жиналдык. Бардык. Онда да көргенім құрмет. Ертенінде төбенің басына шығарды. Ат жарыстың түрлері, әртүрлі ойын-сауықтар басталып кетті. Кезек палуан күреске де келіп қалды. Бірнеше пар күреспін, жыққандары бәйгелерін алып жатыр. Менің көңілім күпті.

Жаршылар бас бәйгеге күресетін палуандарды хабарланданда, біз жағынан менің атым аталды. Шегінер жол жоқ. «Иә, Алла!» – деп ортаға шықтым, сыр бермедім. Абырой болғанда, қарсыласым менен де ірі шойғара екен, енді мынадан жығылсам да ешкім өкпелей қоймас деп көңілім бірленіп тұр. Айттып

отырмын ғой, жығам деген ой әуелден-ақ басым кірген емес.

Күрес басталды. Екеуіміздің де белдік жіткен ұстасқанымыз есімде. Сол-ақ екен, көзім қарауытты кетті. Не болғанын, шойғараның қандай әдіс қолданғаны есімде жоқ. Қай әдісті білгендеймін. Әлгі палуан тік көтеріп, тулақ қаққандай айналдырып лақтырғанда басымы топыраққа тығып жіберіпті. Мені үкілеп бәйгеге қосқан жігіттер соңғы сәтке дейін сенімді болған болса керек. Тұяқ серпіп, қарсылық көрсете алмағанымды көріп тұрған мырзаның бір жігіті зығарданы қайнаған қалпымен атпен шауып келді де: «Оңбаған, жаздай берген қаймақты құмға төктің-ау» деп қашымын осып кеп жіберді. Мен басымды қорғалап, аузыма кірген топырақты қышырлатып түкіргіштеп жатырмын.

Міне, менің палуан болып көрсеткен қайратым осы, шырағым, – деп ағамның шынын айтқаны бар, – деп кең-кең құліпті Көшекен.

Көшекеннің күресу білмейтін палуанға қызыққаны секілді осы әңгімені естіп, мен де қызықтым. Сол замандағы кезеңнің палуанға көрсеткен құрметі, одан намыстанып қамшылайтыны қандай керемет.

Ал, енді бір тоуды ойлаған жігіттікі дұрыс па, бұрыс па, ол жағын әркім өз эліңше бағалайды.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»